ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 желтоқсан №1112-24-00-2/4052 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ХаналиеваТулайжан Анваровна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

"Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ханалиева Тулайжан Анваровна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы – қанағаттандырылсын.

Ханалиева Тулайжан Анваровна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Ханалиева Тулайжан Анваровна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 13 770 (он үш мың жеті жүз жетпіс) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл

және 2 259 (екі мың екі жүз елу тоғыз) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Г. И., 18.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.01.2025, судья Нұрғалиева Г. И., 28.01.2025